

"Бәйтерек" Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны" акционерлік қоғамына бюджеттің берудің негізгі шарттарын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қарашадағы N 1140 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағында "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қазандағы Заңына (бұдан әрі - Келісім) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Бәйтерек" Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - қарыз алушы) "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына сәйкес 041 "Байқоңыр" ғарыштық айлағында "Бәйтерек" ғарыштық зымыран кешенін құруға кредит беру" бағдарламасы бойынша кредит шартын (бұдан әрі - шарт) жасасу арқылы 6585000000 (алты миллиард бес жүз сексен бес миллион) теңге сомасында бюджет кредиті (бұдан әрі - кредит) берілсін.

2. Қарыз алушыға кредит берудің мынадай негізгі шарттары белгіленсін:

1) кредит қарыз алушыға 19 (он тоғыз) жыл мерзімге жылдық 0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайыз сыйақы ставкасы бойынша беріледі;

2) қарыз алушыға кредит беру мақсаты "Байқоңыр" ғарыш айлағында "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру" жобасын қаржыландыру болып табылады.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заннамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағына сәйкес Келісімде айтылған 223 (екі жүз жиырма үш) миллион АҚШ долларына баламалы сомадағы бюджет кредитінің қалған бөлігі қарыз алушыға жыл сайын осы қаулыда айқындалған жағдайларда шарттың тараптары шартқа қосымша келісімдерге қол қою жолымен тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы занда көзделген сомалар шегінде беруді қарастыратын шарт жасасуды қамтамасыз етсін;

2) тиісті қаржы жылына көзделген республикалық бюджет қаражаты есебінен "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамына комиссиялық сыйақы төлеу кредитті толық өтегенге дейінгі кредит бойынша қарыз алушының негізгі борышы сомасының жылдық 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайызы мөлшерінде белгіленсін.

4. Кредиттің мақсатты пайдаланылуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан *Республикасының*

Премьер-Министри

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК